

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТ
ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ**

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ
КРИМИНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫ**

**7М04225 – сот-филологиялық сараптамасы, 7М04224 Сот сараптама
мамандығы магистранттар үшін**

**POOSED 5301 «Сот сараптамасының құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері»
пәнінен
ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

POOSED 5301 «Сот сараптамасының құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері» пәнінен емтихан бағдарламасын Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының доцент Р.Б.Тапаловамен әзірленді

Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының мәжілісінде қарастырылып бекітілген

« 31 » 08. 2021ж. Хаттама № 1

Кафедра меңгерушісі, з.ғ.д., профессор

Джансараева Р.Е.

Кіріспе

7M04220 – Криминалистикалық сараптамасы, 7M04224-сот сараптамасы мамандығы бойынша магистратура білім алу бағдарламасын оқыту Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты мен академиялық саясатқа сәйкес пәнді оқып игеру қорытынды бақылау - емтихан тапсырумен аяқталады. Емтиханға (қорытынды бақылауға) төлем бойынша берешегі жоқ, магистратураға арналған оқу бағдарламасы мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес пән бойынша оқу процессін аяқтап, тиісінше балл жинаған магистранттар ғана жіберіледі. Қорытынды емтихан (қорытынды бақылау) академиялық күнтізбе мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес, көрсетілген мерзімдерде жүргізіледі.

Оқу бағдарламасы мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес пән бойынша оқу процессін аяқтап, тиісінше балл жинай алмаған магистранттар қанағаттанарлықсыз бағасын оң бағаға қайта тапсыру үшін студент келесі академиялық кезеңдерінің бірінде немесе жазғы семестрде сол пән бойынша оқу жұмыс жоспарында қарастырылған барлық сабақ түрлеріне қайта қатысып, рұқсат алады және қорытынды бақылау тапсырады.

Егер магистрант оқу бағдарламасын толық көлемде орындай отырып, емтиханға уақытылы қатыспаса, емтихан ведомосындағы оның фамилиясының тұсына «келген жоқ» деген жазу жазылады. Магистрант дәлелді себептері болған жағдайда факультет деканының өкімімен оған емтихан тапсырудың жеке кестесі бекітіледі. Емтиханға келмеуінің дәлелді себептері болмаған жағдайда «қанағаттанарлықсыз» деген бағаға теңестіріледі.

«FX» белгісіне сәйкес «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда студентке емтиханды қайта тапсыру мүмкіндігі беріледі.

Қорытынды бақылаудың бағасымен келіспейтін студентке (докторант, магистрант) емтихан өткізілген күннен кейінгі күннен кешіктірмей апелляция беру мүмкіндігі қарастырылған.

Қорытынды бақылау бойынша оң бағаны осы аралық аттестаттау кезеңінде жоғарылату мақсатында қайта тапсыруға рұқсат етілмейді

Емтихан сұрақтары тиісті тексерістен өткеннен кейін бекітіледі.

Емтихан тапсыру бойынша нұсқаулық

1. Пән бойынша қорытынды емтихан жүйесінде UNVER жүйесінде ауызша нысанында жүргізіледі Емтихан тапсыру барысында магистрант жеке куәлік көрсету міндетті. Емтихан тапсырушының жеке компьютеріне мынадай талаптар қойылады:

- 1.1. Стационарлық компьютер немесе ноутбуктың болуы (планшет, смартфон);
- 1.2. Жұмыс жасайтын әрі қосулы веб-камера керек (ноутбуктегі өзінің орнатылған камерасы да болады, смартфондардың камерасы алдыңғы жағында қосулы болу керек);
- 1.3. Емтихан кезінде интернетке үзіліссіз қосылу қажет;

1.4. Емтихан тапсырудың барлық уақыты жазылады, бұл ретте студенттің беті, үстелі және кеңістігі көрінуі тиіс.

1.5. Емтихан кезінде сайтты жабуға тыйым салынады.

2. Емтихан міндетті түрде алдын ала бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі. Емтиханға магистрант жеке куәлігімен кіруі тиіс.

3. Магистрант қорытынды бақылаудың алдында арнайы нұсқамадан өтеді және бағалау критерийлерімен танысуы тиіс.

4. UNVER жүйесінде ауызша 3 сұрақтан келеді және тапсыруға 1 ғана мүмкіндік беріледі. Ауызша тапсырудың жалпы уақыты – 20 минут.

5. UNVER жүйесінде ауызша сұрақтары автоматты түрде құрастырылады (генерацияланады).

6. Емтихан тапсыру уақыты аяқталғаннан кейін қорытынды бақылау нәтижелері магистранттың және оқытушының жеке кабинетіне автоматты түрде түседі.

7. Магистрант емтихан тапсыру тәртібін бұзған жағдайда тест нәтижесінде алған бағасы жойылуға жатады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ. Магистранттың емтихан тапсыру үшін комиссия жеке шақыруына дейін билет ашуға құқығы жоқ.

Тек комиссияның өтініші бойынша магистрант Univer АЖ-дегі аккаунтына кіріп, бейнежазбамен өз билетін ашады.

ZOOM бейнеконференциясын пайдалану кезінде емтихан алушы емтиханды қайта қосу үшін 30-40 минуттық кезеңдерге бөлуі керек. Магистрант бір сессия кезінде емтиханды толығымен тапсыруы керек. Бір сессияда жауап беруді бастауға және қайта қосқаннан кейін аяқтауға тыйым салынады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ. Егер техникалық себептер бойынша (электр қуатының өшіуі, интернет жылдамдығы төмен болуы немесе өшіп қалуы) өз билетін ашқан студент емтиханда онлайн режимінде 10 минуттан артық болмаса, онда оның жауабы жойылады. Емтихан академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің келісімі бойынша басқа күнге ауыстырылады.

Маңызды. Бейнежазба емтихан соңында, барлық емтихан алушылардың жауаптары қабылданған кезде ғана өшіріледі.

ЕМТИХАН ТАПСЫРУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША:

1. Емтихан комиссиясы мен оқытушы емтиханға қатысушыларды аттестаттайды.

2. Univer АЖ-дегі қорытынды ведомосына балл қояды.

Ауызша емтихан үшін аттестаттау ведомосына балл қою уақыты-48 сағат.

Сонымен:

1. Емтихан кестесі бойынша өткізіледі.

2. Магистранттар мен оқытушы емтихан күні мен уақытын алдын ала білуі тиіс.

3. Емтихан комиссиясының төрағасы мен магистранттар емтихан басталғанға дейін алдын ала бейнебайланыс арқылы байланысады.

5. Емтихан комиссиясының төрағасы емтиханның бейнежазбасын қосады.
6. Магистранттар кесте бойынша емтиханның басында univer.kaznu.kz. сайтында өздерінің есеп жазбаларында жасалған UNIVER АЖ-гі билеттеріне қол жеткізе алады.
7. Комиссия мүшелері шақырған Магистрант өзінің жеке басын куәландырады, Univer АЖ-гі өзінің билетін көрсетеді және оқытушымен немесе комиссиямен белгіленген уақыт кезеңіне дайындықтан кейін билет сұрақтарына жауап береді.
8. Магистранттың жауабы кезінде топтың басқа мүшелері күту режиміне өте алады (камераларды өшіру керек, бірақ Бейнеконференция сервисінен шықпау керек).
9. Комиссия магистранттың жауабын қабылдағаннан кейін ол бейнеконференция залынан кете алады.
10. Бейнежазба емтихан соңында, барлық емтихан алушылардың жауаптары қабылданған кезде ғана өшіріледі.
11. 48 сағат ішінде магистранттар жинаған балдар аттестаттау ведомосына қойылады.

Бағалау саясаты

Критериалды бағалау: дескрипторларға сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау, аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің қалыптасуын тексеру.

Жиынтық бағалау: аудиториядағы (вебинардағы) жұмыстың белсенділігін бағалау, орындалған тапсырманы бағалау.

Пән бойынша қорытынды баға келесі формула бойынша есептеледі:

$$\frac{AB1 + MT + AB2}{3} \times 0,6 + ҚБ \times 0,4$$

Мұнда АБ – аралық бақылау; МТ – аралық емтихан, ҚБ – қорытынды бақылау (емтихан).

Әріптік жүйе бойынша баға	Сандық эквивалент	Баллдардың (%-дық көрсеткіші)	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

Емтихан сұрақтары қамтылатын тақырыптар:

Т.1 «Сараптама» және «Сот сараптама» ұғымдардың түсінігі.

Сот өндірісіндегі сот сараптаманың ерекшеліктері

Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі туралы заңнамасы

Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Т.2 Сот-сараптама қызметінің міндеті, мазмұны

Сот-сараптама қызметінің міндеті қылмыстық, азаматтық істер бойынша, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді сот сараптамасының нәтижелерімен қамтамасыз ету болып табылады.

Сот-сараптама қызметінің мазмұны: қылмыстық, азаматтық істер, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сот сараптамасын жүргізуді; сот сараптамасы саласындағы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыруды және жүргізуді; сот сараптамасын ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етуді ұйымдастыруды және жүзеге асыруды; сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын адамдарды іріктеуді, даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды; сот сараптамасы саласындағы халықаралық ынтымақтастықты қамтиды.

Т.3 Сот-сараптама қызметінің қағидаттары

Сот-сараптама қызметі:

- 1) заңдылық;
- 2) адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, заңды тұлғаның құқықтарын мен заңды мүдделерін сақтау;
- 3) сот сарапшысының тәуелсіздігі;
- 4) сот-сараптамалық зерттеулердің жан-жақтылығы, толықтығы, объективтілігі және ғылыми негізділігі;
- 5) сот-сараптамалық зерттеулерді жүргізу кезінде ғылыми-техникалық құралдарды, әдістер мен әдістемелерді пайдалануға жол берушілік;
- 6) сот сарапшысының әдебін сақтау қағидаттарына негізделеді.

Т.4 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің құзыреті

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің құзыретіне: сот-сараптама қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

сот-сараптама қызметі саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

сот сараптамасы органдары жүргізетін сот сараптамалары түрлерінің және біліктілігін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі беретін сараптама мамандықтарының тізбесін әзірлеу және бекіту;

сот сараптамасы органдарында сот сараптамалары мен зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту; сот сараптамасы объектілерімен жұмыс істеу қағидаларын әзірлеу және бекіту; сараптамаларының күрделілік санаттарын айқындау қағидаларын, сот сараптамаларының күрделілік санаттарына қарай о және мерзімін ұзартудың негіздері мен тәртібін әзірлеу және бекіту; сот сарапшыларын аттестаттау қағидаларын әзірлеу және бекіту; сот сарапшыларын аттестаттау; сарапшысының әдеп кодексін әзірлеу және бекіту;

Т.5 Сот сараптамасы органының басшысы

Сот сараптамасы органының басшысы сот сараптамасы органының сот-сараптама қызметіне басшылықты жүзеге асыратын адам болып табылады (сот сараптамасы органының бірінші басшысы, сот сараптамасы органы аумақтық бөлімшесінің басшысы).

Сот сараптамасы органы басшысының құқықтары

Сот сараптамасы органы басшысының міндеттері

Т.6 Сот сараптамасын жүргізу:

Сот сараптамасын жүргізу:

- 1) сот сараптамасы органдарының қызметкерлеріне;
- 2) лицензия негізінде сот-сараптама қызметімен айналысатын жеке тұлғаларға;
- 3) осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларда біржолғы тәртіппен өзге де адамдарға тапсырылуы мүмкін.

Осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында аталған адамдар Қазақстан Республикасының азаматтығында тұруға тиіс.

3. Біржолғы тәртіппен сот сараптамасын жүргізу:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген сот сараптамалары түрлерінің тізбесінде көзделмеген сот сараптамасы тағайындалған;

2) сот сараптамасы органдарының қызметкерлері болып табылатын тиісті мамандықтағы сот сарапшыларынан, сондай-ақ лицензия негізінде сот-сараптама қызметімен айналысатын адамдардан уәжді бас тарту қанағаттандырылған не сот сараптамасы органы тұтастай сот сараптамасын жүргізуден уәжді шеттетілген;

3) осы Заңның 62-бабына сәйкес шет мемлекеттің сот сарапшысы тартылған жағдайларда тапсырылуы мүмкін.

Т7. Сот сарапшысына қойылатын біліктілік талаптары

Сот сарапшысы біліктілігін беру

Сот сарапшысы біліктілігін беру адамның біліктілік емтиханын тапсырып, оған сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығын беретін сот сарапшысының біліктілік куәлігін беру арқылы жүзеге асырылады.

. Сот сарапшысын аттестаттау

1. Сот-сараптама қызметін жиырма жылдан аса жүзеге асырған адамдарды қоспағанда, сот сараптамасы органдарының қызметкерлері болып табылатын сот сарапшылары, сондай-ақ лицензия негізінде сот-сараптама қызметімен айналысатын адамдар әрбір бес жыл сайын аттестаттаудан өтеді.

2. Сот сарапшысының біліктілік талаптарына сәйкес келмеу фактілері анықталған кезде оны кезектен тыс аттестаттау өткізіледі.

Т.8 Сот сарапшысының құқықтары, міндеттері

1. Сот сарапшысының құқықтары,:

1) сот сараптамасының нысанасына қатысты іс материалдарымен танысуға;

2) қорытынды беру үшін қажетті қосымша материалдарды оған беру, сондай-ақ қауіпсіздік шараларын қабылдау туралы өтінішхаттарды мәлімдеуге;

3) қылмыстық процесті жүргізетін органның, тергеу судьясының, соттың, іс жүргізуінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жатқан органның (лауазымды адамның) рұқсатымен процестік әрекеттерді жүргізуге және сот отырысына қатысуға және оларға қатысатын адамдарға сот сараптамасы нысанасына қатысты сұрақтар қоюға;

Сот сарапшысының міндеттері

Сот сарапшысы:

1) қылмыстық процесті жүргізетін органның, тергеу судьясының, соттың, іс жүргізуінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жатқан органның (лауазымды адамның) шақыруы бойынша келуге;

2) өзіне ұсынылған объектілерге жан-жақты, толық және объективті зерттеу жүргізуге, өзінің алдына қойылған мәселелер бойынша негізделген жазбаша қорытынды беруге;

3) заңда көзделген жағдайларда қорытынды беруден бас тартуға, қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы уәжді жазбаша хабарлама жасауға және оны сот сараптамасын тағайындаған органға (адамға) беруге (жолдауға);

Т8 Қазақстан Республикасының Сот сарапшылары палатасы

Қазақстан Республикасының Сот сарапшылары палатасы (бұдан әрі – Палата) Палата мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, олардың қызметін үйлестіру, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі туралы заңнамасын сақтауы үшін құрылатын коммерциялық емес, кәсіби, өзін-өзі қаржыландыратын ұйым болып табылады.

Палата заңды тұлға болып табылады және заңда белгіленген тәртіппен тіркелуге жатады.

3. Лицензия негізінде сот-сараптама қызметімен айналысатын адамдар Палата мүшелері болып табылады.

4. Палатаға мүшелік міндетті болып табылады.

5. Адамның осы Заңның 19-бабының талаптарына сәйкес келмеу жағдайларынан басқа, лицензия негізінде сот-сараптама қызметімен айналысатын адамға Палата мүшесі болуына бас тартылмайды.

Кіру жарналарын Палатаның алуына жол берілмейді.

Палатаның басқару органдары, жарғысы өкілеттіктері

Т.9 Сот сараптамасын жүргізу негіздері

Сот сараптамасын жүргізу негіздері Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінде, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде, сондай-ақ "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген.

Сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) сот сараптамасы органының басшысына не осы Заңның 19-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларына сәйкес сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын адамға сот-сараптамалық зерттеулерді жүргізу және қорытынды беру үшін қажетті зерттеу объектілерін және өзге де материалдарды ұсынады.

Тірі адамдарға сот сараптамасын жүргізу ерекшеліктері осы Заңның 6-тарауында айқындалады.

10 Сот сараптамасын ұйымдастыру және жүргізу кезіндегі шектеулер

Сот сараптамасының объектілері, үлгілері Сот сараптамасы объектілерінің, үлгілерді алу тәртібі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінде, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде және осы Заңда белгіленген

Сараптамалық зерттеу объектілерінің анықтығы мен жарамдылығына сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) кепілдігі

Зерттеулер жүргізу кезінде заттай дәлелдемелер мен құжаттар сот сараптамасын тағайындаған органның (адамның) рұқсатымен зерттеулер жүргізу және қорытынды беру үшін қаншалықты қажет болса, сол шамада ғана зақымдалуы немесе пайдаланылуы мүмкін. Көрсетілген рұқсат сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыда, ұйғарымда немесе сот

сарапшысының өтінішхатын қанағаттандыру не оны қанағаттандырудан ішінара бас тарту туралы уәжді қаулыда, ұйғарымда қамтылуға тиіс.

. Үлгілерді алу сараптамалық зерттеудің бір бөлігі болып табылған жағдайларда, оны сот сарапшысы жүргізуі мүмкін.

Зерттеу процесінде сот сарапшысы эксперименттік үлгілерді дайындауы мүмкін, ол туралы қорытындыда хабарланады. Сот сараптамасын тағайындаған адам осындай үлгілерді дайындау кезінде қатысуға құқылы, бұл оның өзі жасайтын хаттамада көрсетіледі. Зерттеу жүргізгеннен кейін сот сарапшысы үлгілерді оралған және мөрленген түрде өзінің қорытындысына қосу. Сот сараптамасын жүргізу мерзімдері, оны ұзарту және тоқтата тұру

T11 Процесске қатысушылардың сот сараптамасын жүргізу кезінде оған қатысуы

Процеске қатысушылардың сот сараптамасын жүргізу кезінде оған қатысуы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінде және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде айқындалады.

Сот сараптамасын жүргізу кезінде оған қатысатын процеске қатысушылар зерттеулердің барысына араласуға құқылы емес, бірақ сот сараптамасының мәніне қатысты түсініктемелер бере алады.

Егер сот сараптамасын жүргізу кезінде оған қатысатын процеске қатысушы сот сарапшысының қызметіне кедергі келтірсе, сот сарапшысы зерттеуді тоқтата тұруға және процесті жүргізуші орган (адам) не сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) алдында процеске аталған қатысушыға сот сараптамасын жүргізу кезінде қатысу үшін рұқсат беруден бас тарту туралы өтінішхат беруге құқылы.

Сот сарапшысы қорытынды жасаған кезде, сондай-ақ сот сарапшыларының кеңесуі және түйіндерді тұжырымдауы сатысында, егер сот сараптамасын сот сарапшыларының комиссиясы жүргізсе, процеске қатысушылардың оған қатысуына жол берілмейді.

Процеске қатысушылардың тірі адамдардың сот сараптамасы кезінде оған қатысу ерекшеліктері

T.12 Жеке-дара және комиссиялық сот сараптамалары

Кешенді сараптама Қосымша және қайталама сот сараптамасы

Сот сараптамасын жүргізуді сот сарапшысы жеке-дара не сот сарапшылары комиссиясы жүзеге асырады.

Комиссиялық сот сараптамасы күрделі сот-сараптамалық зерттеулер жүргізу қажет болған жағдайларда тағайындалады және оны бір мамандықтағы кемінде екі сот сарапшысы жүргізеді. Адам есінің дұрыстығы туралы мәселе бойынша сот-психиатриялық сараптама жүргізу үшін құрамында кемінде үш сот сарапшысы бар комиссия тағайындалады.

Комиссиялық сот сараптамасын тағайындаған органның (адамның) қаулысы, ұйғарымы сот сараптамасы органының басшысы үшін міндетті болып табылады.

Кешенді сараптама іс үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау үшін әртүрлі білім салалары негізінде зерттеулер қажет болған жағдайда тағайындалады және оны әртүрлі мамандықтағы сот сарапшылары өз құзыреті шегінде жүргізеді.

Қосымша сот сараптамасы сарапшының қорытындысы жеткілікті түрде анық немесе толық болмаған, сондай-ақ алдыңғы зерттеумен байланысты қосымша мәселелерді шешу қажеттілігі туындаған кезде тағайындалады

Қайталама сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыда, ұйғарымда алдыңғы сот сараптамасының нәтижелерімен келіспеудің негізделген уәждері келтірілуі тиіс.

Қайталама сот сараптамасын жүргізу

T 13 Сарапшының қорытындысы

Сарапшы қорытындысының мазмұны Сарапшының қорытындысын беру мүмкін еместігі туралы хабарлама

.Материалдарды орындамай қайтару

Сот сарапшысынан жауап алу

Тірі адамдарға сот сараптамасын жүргізу орны

Тірі адамдарға сот сараптамасы медициналық ұйымда немесе сот-сараптамалық зерттеулер жүргізу

Тірі адамдарға сот сараптамасын жүргізу кезіндегі еріктілік және мәжбүрлеу

Адамды сот сараптамасын жүргізу үшін медициналық ұйымға орналастырудың негіздері мен тәртібі

Сот сараптамасын жүргізу кезінде адамның медициналық ұйымда болу мерзімдері

. Сот сараптамасын жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастырылған адамның онда болу мерзімінің, сондай-ақ осы мерзімді ұзарту тәртібінің бұзылуына аталған адам, оның қорғаушысы, заңды өкілі немесе іске қатысуға жіберілген өзге де өкілдер заңда көзделген тәртіппен шағым жасауы мүмкін.

Өздеріне қатысты сот сараптамасы жүргізілетін адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдігі

Адамға ерікті түрде жүргізілетін сот сараптамасы аталған адамның бастамасы бойынша оның кез келген сатысында тоқтатылуы мүмкін.

Күзетпен ұсталмаған адамдарға сот сараптамасын психиатриялық стационарларда жүргізу шарттары Процеске қатысушылардың тірі адамдарға сот сараптамасын жүргізу кезінде оған қатысуы

T14 Сот-сараптама қызметін қамтамасыз ету

Сот сараптамасы органдарының сот-сараптама қызметін қаржыландыру бюджет қаражаты немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де қаражат есебінен жүзеге асырылады..

Сот сараптамасын жүргізуді материалдық-техникалық қамтамасыз ету стандарттары мен талаптары

Сот сарапшысы өз қызметін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген стандарттар мен талаптарға сай келетін арнайы жарақтандырылған үй-жайларда жүзеге асырады.

Сот-сараптама қызметін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету

Валидация. Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелері мен әдістері сот-сараптамалық зерттеулердің әдістері мен әдістемелері валидациясының қағидаларына сәйкес валидациядан өтуге тиіс.

Стандартты емес және жаңадан әзірленген немесе жетілдірілген әдістер валидация

Сот сараптамасы органдарының қызметін ақпараттық қамтамасыз ету

Сот сараптамасы органының басшысы іс жүргізу аяқталған соң іс бойынша заттай дәлелдемелер және үлгілер болып табылатын нәрселерді тәжірибелік, ғылыми және оқу-әдістемелік қызметте пайдалану үшін алу туралы қылмыстық процесті жүргізетін орган, тергеу судьясы, сот, іс жүргізуінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жатқан орган (лауазымды адам) алдында өтінішхат беруге құқылы.

Сот-сараптама қызметін кадрлық қамтамасыз ету

T15 . Сот-сараптама қызметі саласындағы халықаралық ынтымақтастық

Сот сараптамасы органдары бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылыми-әдістемелік ақпарат алмасу, сот сарапшыларын даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру мақсатында шет мемлекеттердің сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын органдарымен және қызметтерімен халықаралық байланыстар орнатуға құқылы.

Шет мемлекеттің құзыретті органының тапсыруы бойынша сот сараптамасын жүргізу

Сот сараптамасы Қазақстан Республикасы халықаралық шарт жасасқан шет мемлекеттің құзыретті органының тапсыруы бойынша жүргізілуі мүмкін. Мұндай жағдайларда, егер халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының [Қылмыстық-процестік кодексі](#), Қазақстан Республикасының [Азаматтық процестік кодексі](#) және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы [кодексі](#) қолданылады.

	Перечень обязательных нормативно-правовых актов
1.	Конституция Республики Казахстан 1995 года (с послед. изм. и доп.).
2	Закон Республики Казахстан О судебно-экспертной деятельности (сизменениями от 29.06.2020 г.)
3	Уголовный кодекс Республики Казахстан (с изменениями и дополнениями по состоянию на 12.07.2018 г
4	<i>Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть) от 1 июля 1999 года № 409-І (с изменениями и дополнениями по состоянию на 06.10.2020 ...</i>
5	Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан от 4 июля 2014 года № 231-V ЗРК
6	Гражданско-поцессуальный Республики Казахстан(с изменениями и дополнениями по состоянию на 12.12.2017 г.)
7	Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях (с изменениями и дополнениями по состоянию на 22.07.2018 г.)
8	Постановление Правительства Республики Казахстан от 16 ноября 2012 года № 1454 «Квалификационные требования для осуществления судебно-экспертной деятельности в РК»
9	Правила организации и производства судебных экспертиз и исследований в органах судебной экспертизы, Приказ Министра юстиции Республики Казахстан от 27 апреля 2017года № 484
10	Перечень видов судебных экспертиз, проводимых органами судебной экспертизы, и экспертных специальностей, квалификация по которым присваивается Министерством юстиции Республики Казахстан, Приказ Министра юстиции Республики Казахстан от 27 марта 2017 года № 306
11	Правила приема экзаменов для присвоения квалификации судебного эксперта Приказ Министра юстиции Республики Казахстан от 30.03.2017 г. № 335
12	Правила аттестации судебных экспертов. Приказ министра юстиции Республики Казахстан от 30 марта 2017 года № 336
13	Правила формирования, ведения и использования Государственного реестра методик судебно-экспертных исследований Республики Казахстан Приказ Министра юстиции Республики Казахстан от 30 марта 2017 года № 331
14	Правила разработки, апробирования и внедрения методик судебно-экспертных исследований» .. Приказ министра юстиции Республики Казахстан от 30 марта 2017 года № 330
15	Правила определения категорий сложности судебных экспертиз, порядка исчисления сроков производства судебных экспертиз в зависимости от категории

	их сложности, а также оснований и порядка приостановления и продления срока производства судебных экспертиз Приказ Министра юстиции Республики Казахстан от 27 марта 2017 года № 303
15	Стандарты и требования к специально оснащенным помещениям для производства судебной эксперти приказ Министра юстиции Республики Казахстан от 28 марта 2017 года № 310
16	Правила валидации методов и методик судебно-экспертных исследований юстиции Приказ министра юстиции Республики Казахстан от 30 марта 2017 года № 328
	Государственный Реестр методик судебно-экспертных исследований Республики Казахстан
	Государственный Реестр судебных экспертов Республики Казахстан

1. Россинская Е.Р. Судебная экспертиза в уголовном, гражданском и арбитражном процессе: Практ. пособие. – М., 1996 - 363 с.
2. Сахнова Т.В. Судебная экспертиза. – М., 1999 – 262 с.
3. Шакиров К.Н. Судебная экспертиза: проблемы теории и практики.- Алматы: Аркаим, 2002.-187с.
4. Бычкова С.Ф. Организация назначения и производства суд.экспертиз. Алматы: Жетіжарғы 1999
5. Бычкова С.Ф., Калимова А.С. // Судебная экспертология. Курс лекций: учебное пособие. Алматы, 2005.-376с.
6. Шакиров К.Н., Тапалова Р.Б. Судебная экспертиза в Республике Казахстан: организация и производство. Учебно-методическое пособие: Алматы: изд-во КазНУ им аль-Фараби», 2012 г. – 230 с.
7. Тапалова Р.Б. Судебная экспертиза. Учебное пособие: Алматы: изд-во КазНУ им аль-Фараби», 2014 г. – 148 с.
8. Назначение и производство судебных экспертиз./ДСП/ М.1977- 320 с.

Интернет источники:

1. Официальный сайт Верховного Суда РК [http://www. supcourt.kz/](http://www.supcourt.kz/)
2. Официальный сайт Генеральной прокуратуры РК: [http://www. procuror.kz](http://www.procuror.kz)
3. Официальный сайт Министерства юстиции РК [http://www. minjust.kz/sit](http://www.minjust.kz/sit)
4. www.expert.ru;
5. www.expert.com.ua;

www.forensic.ru/sude.expert.html